

«Құстар қаласы» атты қалалық экологиялық бағдарламаны өткізу туралы нұсқаулық

I. Жалпы ереже

2014 жылдың қарашасынан 2015 жылдың наурызына дейін өтетін, құстарды қысқы коректендіруге арналған қалалық бағдарлама.

II. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті

мақсаты: қысқы уақытта құстарға мезгілімен көмек көрсету, сонымен қатар жастар мен балаларда экологиялық мәдениет пен туған өлке құстарына қарым-қатынас жауапкершілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Табиғатпен қарым-қатынасқа тәрбиелеу, білім мекемелерінде табиғатты қорғау қызметін белсендендіру
- Алматы қаласында құстардың түр құрамын және санын көбейту үшін, биотехникалық іс-шараларды өткізуде оқушыларды қатыстыру
- Оқушылардың орнитология саласында ғылыми бақылау мен зерттеудің әдістерімен білімді игерулерін анықтау
- Балаларда табиғатқа деген, оның мекендеушілеріне деген сүйіспеншілікті, жауапты қарым-қатынасты тәрбиелеу
- Балалар мен оқушы жастарда шығармашылық мүмкіндікті дамыту
- Табиғатта экологиялық смәдениетті қалыптастыру сауатты әдетті, мінез-құлықты қалыптастыру

III. Бағдарламаны ұйымдастырушылар

1. Алматы қаласы Жас натуралистер станциясы
2. РОО Қазақстандық биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы

IV. Бағдарламаға қатысушылар

Бағдарламаға Алматы қаласының мектеп оқушылары ұжымымен балалар бірлестігі қатысады

V. Ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастыру комитеті келесі қызметті атқарады:

- 1) Бағдарламаға қатысушыларды тіркейді, байқау материалдарын жинайды
- 2) Байқау қатысушылары үшін тапсырма дайындауды қамтамасыз етеді
- 3) Байқау сарапшы құрамын қалыптастырады
- 4) Байқаудың салтанатты қабылдауын және жеңімпаздарды марапаттау рәсімін ұйымдастырады

VI. Бағдарламаның өткізу реті

Бағдарлама екі кезеңде өтеді:

I – кезең: «Құстарға көмек» (қараша-желтоқсан)

Байқаулар:

- 1) «Құстарға арналған ең жақсы науа» оқушылар құстарға арнап науа дайындап, іледі. Қыс бойы құстарды қоректендіреді.

II – кезең: «Құстар асханасының қонақтары» (желтоқсан-наурыз)

Байқаулар:

- 1) «Құстар асханасының қонақтары» фотобайқауы
- 2) «Жас орнитолог»

Қатысушылар қыс бойы өз науаларын бақылайды, науадағы құстар фотосуреттерін жасайды (фотобайқау) және бақылауды жазып алады (жас орнитолог).

Байқаудың бірінші кезеңі барлық байқаудан 1,2,3 орын таңдап алынған (науа, фотосурет, шығарма, әңгіме) жерде (мектеп, балалар ұйымы) өтіледі.

Ауданнан жеңіп алған жұмыстар қалалық байқауды қорытындылау үшін, қала көлеміне 2015 жылдың 15 наурызына дейін беріледі.

Байқау 2014 жылдың қараша айынан, 2015 жылдың 15 наурыз айының аралығында өтеді. Байқауға қатысу хабарламасын Жас натуралистер станциясының ұйымдастыру комитетіне жіберу керек: Щепкин көшесі, 27. Байқау жеңімпаздарымен жеңімпаздар тізімін 2013 жылдың 15 наурызына дейін ұйымдастыру комитетіне жіберу керек.

Бағдарлама ауқымында құстардың маусымдық (күздік, қыстық, көктемгі) санағын жүргізу жоспарлануда.

VII. Байқауға ұсынылатын жұмыстарды бағалау шарты

Науаны дайындау шарты:

1. Дайындаудың берілген стандартқа сәйкес болуы
2. Безендіру сапасы
3. Практикалық мәні
4. Екінші ретті материал қолдану
5. Орындаудың өзіндік ерекшелігі

Фотобайқау шарты:

1. Суретке науадағы құс түсірілуі керек
2. Құстың түрі анықталып, көрсетілуі керек
3. Фотосурет толықтырылған болуы керек (мектеп, сынып, аты-жөні)
4. 20x30 пішініндегі фотосурет

«Жас орнитолог» байқауының шарты

1. Мақсат пен міндеттің анықталуы
2. Жинақталған материалдың көлемі мен айқындылығы
3. Зерттеу нәтижелері
4. Жұмысты безендіру сапасы

VIII. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

- Байқауды қорытындылауда негізгі шешім сарапшыларда
- Байқау жеңімпаздарын сыйлықтармен марапатталады
- Жүлделі орын алмаған қатысушылар, байқау куәлігін алады
- Барлық жүлделі жұмыстар әр номинация бойынша Халықаралық Құстар күніне арналған мереке көрмесіне шығарылады

Қосымша ақпараттарды мына телефон арқылы алуға болады: 309-75-99